

Ж.Ш. Саметова* , **А.Ә. Найманбаев** 

Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru

«МҰТЫЛҒАН» – ҚАЗАҚ МЕТАРОМАН ЖАНРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮЛГІСІ

Әлібек Байболдың алғашқы қазақ метароманы – қазіргі қазақ әдебиетін байытатын жаңашыл туынды. Бұл романда Байбол авторлық түсініктемелер, мәтін құру үдерісі туралы ойлар және оқырманмен белсенді қарым-қатынас сияқты мета-баяндау элементтерін пайдаланады. Бұл дәстүрлі баяндау формаларын қайта қарастыруға және қазіргі Қазақстанның әлеуметтік және мәдени шындықтарын түсінуді тереңдетуге мүмкіндік береді. Роман авторлардың да, оқырмандардың да сыни ойлауы мен өзін-өзі тануын ынталандыратын ұлттық әдебиеттің дамуындағы маңызды кезең ретінде қызмет етеді. Роман оқиғалары мен нақты тарихи және мәдени оқиғалар арасындағы байланыс тереңде жатыр. Шығармадан «Ояну» мотивін анық байқауға болады. Автор романда қазіргі Қазақстанның әлеуметтік және мәдени шындықтарының көрінісін тұспалдап жеткізеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының әдебиетінде «ояну» тақырыбы кеңінен көтерілді. Ол кезеңде өз ұлтының өркениет көшінен кеш қалып қоймауын күйіттеген ақындар шығармаларында ұлттық бірлік пен рухани тұтастықты жырлағаны белгілі. Ал бұл мақалада метароманның әдеби шығармашылықтың жаңа стандарттарын белгілеп қана қоймай, Қазақстанның бірегей және өзіндік әдеби дәстүрін құра отырып, қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процеске интеграциялануына ықпал етуі талданады.

Түйін сөздер: қазақ романы, метароман, метапроза, Әлібек Байбол, «Мұтылған» романы.

Zh.Sh. Sametova, A.A. Naimanbayev*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru

“Mutylgan” is the First Example of the Kazakh Metanovel Genre

The first Kazakh meta role by Alibek Baibol is an innovative work that enriches modern Kazakh literature. In this novel, Baibol uses meta-narrative elements such as the author's comments, reflections on the process of creating a text, and active communication with the reader. This makes it possible to rethink traditional narrative forms and deepen the understanding of the social and cultural realities of modern Kazakhstan. The novel serves as an important stage in developing national literature, stimulating critical thinking and self-awareness of both authors and readers. The relationship between the novel's events and real historical and cultural events is deep. The motif of “awakening” can be traced in the work. In the novel, the author alludes to the reflection of the social and cultural realities of modern Kazakhstan. In the literature of the Turkic peoples of the late early XX centuries, the theme of “awakening” was widely raised. It is known that during that period, poets who wished their nation not to be late for civilization sang national unity and spiritual integrity in their works. This article analyzes the influence of the meta roman not only on setting new standards of literary creativity but also on integrating Kazakh literature into the world literary process, creating a unique and original literary tradition of Kazakhstan.

Key words: Kazakh novel, metaroman, meta-prose, Alibek Baybol, novel “Mūtylğan”.

Ж.Ш. Саметова, А.А. Найманбаев*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru

«Мұтылған» – первый образец жанра казахского метаромана

Первый казахский метароман Алибека Байбола представляет собой новаторское произведение, которое существенно обогащает современную казахскую литературу. В этом романе Байбол использует метаповествовательные элементы, такие как авторские комментарии, размышления о процессе создания текста и активное взаимодействие с читателем, что позволяет переосмыслить традиционные формы повествования и углубить понимание социальных

современного Казахстана. Роман служит важным этапом в развитии национальной литературы, стимулируя критическое мышление и самоосознание как авторов, так и читателей. Связь между романскими событиями и реальными историческими и культурными событиями глубоко укоренилась. В произведении четко прослеживается мотив «пробуждения». Автор выражает в романе отражение социальных и культурных реалий современного Казахстана. В литературе тюркских народов конца XIX – начала XX веков широко поднималась тема «пробуждения». Известно, что в этот период поэты воспевали национальное единство и духовную целостность в своих произведениях, подчеркивая, что их нация не отстает от цивилизации. А в этой статье анализируется влияние метаромана на интеграцию казахской литературы в мировой литературный процесс, не только устанавливая новые стандарты литературного творчества, но и создавая уникальные и оригинальные литературные традиции Казахстана.

Ключевые слова: казахский роман, метароман, метапроза, Алибек Байбол, Роман «Мұтылған».

Кіріспе

Қазіргі әдебиеттанушылар арасында кеңінен талқыланып жатқан үш роман бар. Олар «Жас қаламгер – жаңа роман» жобасының аясында жарық көрген үш қаламгердің, тарқатып айтсақ, Мақсат Мәліктің «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам», Әлібек Байболдың «Мұтылған» шығармалары. Қазақ әдебиетіне жаңа серпін әкелді, жаңа эксперимент жасалды, жастардың көзқарасындағы романдар дүниеге келді деген түрлі талдаулар мен талқылаулар болып жатқаны анық. Біздің бүгінгі ғылыми талдауымызға да негіз болатын, қазақ әдебиетіне жаңаша жанр ретінде енген, атап айтсақ тұңғыш метароман деп атап отырған – Әлібек Байболдың «Мұтылған» туындысы.

Мақаланың мақсаты – оқырмандарды метароман ұғымымен таныстыру, алғашқы қазақ метароманының пайда болуы мен оның қазіргі қазақ әдебиетінің дамуына әсерін талқылау. Сонымен қатар осы шығармада қолданылған метароман белгілері мен көркемдік әдістерді, сондай-ақ оның қазақ әдеби үдерісіндегі орнын және оның әлемдік әдеби дәстүр үшін маңыздылығын зерттеуді мақсат етеді.

Бұл тақырыпты зерттеу бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды:

- метароман анықтамасы:

- метароман терминіне анықтама беріледі және оның әдеттегі романдан қандай ерекшеліктері бары түсіндіріледі;

- метароманда қандай әдістер мен тәсілдер қолданылатындығы көрсетіледі (мета-баяндау, мәтіннің өзін-өзі тануы, автор мен кейіпкерлер арасындағы шекараның түсініксіздігі және т.б.).

- тарихи контекст:

- метароманның әдеби жанр ретінде пайда болу тарихынан хабар беріледі;

- әлем әдебиетіндегі метаромандардан мысалдар келтіріледі және олардың осы жанрдың дамуына әсері сөз болады.

- мәдени контекст:

- метаромандардың пайда болуы мен дамуына мәдени және әлеуметтік факторлардың қалай әсер ететіні зерттеледі;

- метаромандардың өз заманының мәдени және әлеуметтік құбылыстарын қалай бейнелейтіні және түсіндіретіні қарастырылады.

- алғашқы қазақ метароманын талдау:

- қазақтың алғашқы метароманы, яғни жазушы Әлібек Байболдың «Мұтылған» шығармасы талданады.

- оның сюжеті, құрылымы, кейіпкерлері мен тақырыптары қарастырылады;

- бұл романның мета-әңгімелеу әдістерін қалай қолданатыны сараланады.

- салыстырмалы талдау:

- алғашқы қазақ метароманы шетелдік басқа метаромандармен салыстырылады;

- бірегейлігі, ерекшеліктері мен жалпы тенденцияларына назар аударылады.

- қазіргі әдебиетке, оқырманға әсері:

- алғашқы қазақ метароманының қазіргі қазақ әдебиетіне, оқырманға қалай әсер еткендігі сөз етіледі;

- қазіргі қазақ жазушылары мен шығармалары метароман дәстүрін жалғастырады ма немесе дамытады ма деген сұраққа жауап ізделеді.

- сыни талдау және пікірлер:

- қазақтың алғашқы метароманы туралы сыни мақалалар мен пікірлер мұқият сарапталады;

- сыншылар мен оқырмандардың жаңа экспериментке деген көзқарасы көрсетіледі.

Аталған аспектілер алғашқы қазақ метароманына жан-жақты зерттеу жүргізуге және оның әдебиеттегі маңызына қатысты терең әрі ақпараттық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу мақаласына келесідей деректер жинақталып, пайдаланылды: Әлібек Байболдың «Мұтылған» шығармасының түпнұсқа мәтіні, метароман жанрында жазылған шығармалардың аудармалары, метароман жанры туралы жазылған монографиялар, мақалалар мен зерттеулер, метароманның қалыптасу кезеңін сипаттайтын тарихи деректер, алғашқы қазақ метароманына қатысты заманауи шолулар, сыни мақалалар мен теле бағдарламалардағы талқылаулар, сондай-ақ автормен жүргізілген сұхбат.

Зерттеу барысында бірнеше әдіс қолданылды:

- *әдеби талдау* (мәтіндік талдау, оның ішінде роман мәтінінің, құрылымының, тілінің, стилінің және мета-әңгімелеу әдістерінің егжей-тегжейлі зерттелуі);

- *сюжеттік талдау* (шығарманың негізгі сюжеттері мен тақырыптарын талқылау);

- *сипаттамалық талдау* (кейіпкерлерді, олардың дамуын және өзара әрекеттесуін зерттеу);

- *тарихи-мәдени талдау* (роман жазылған уақыт пен мәдени контекстті зерттеу, әлеуметтік және мәдени факторлардың шығарманың мазмұны мен формасына әсерін талдау);

- *салыстырмалы талдау* (алғашқы қазақ метароманын басқа метаромандармен салыстыру, бірегей қасиеттері мен жалпы тенденцияларын анықтау);

- *сыни талдау* (сыни пікірлер мен роман шолуларын талдау, аға буын, замандастары және кейінгі ұрпақтардың романды қабылдауын бағалау);

- *теориялық талдау* (метароманмен байланысты әдеби теорияларды қолдану, осы тақырыпқа қатысты әдебиеттанушылар мен теоретиктердің жұмысын зерделеу);

- *сұхбаттар мен сауалнамалар* (автормен өткізілген сұхбаттар, теле бағдарламалар, YouTube желісіндегі подкасттар арқылы заманауи бағалаулар мен пікірлер алу мақсатында оқырмандар мен сыншылардан сауалнамалар жүргізу).

Әдебиеттерге шолу

Зерттеушілердің пікірінше, әлем әдебиетінің тарихындағы алғашқы метароман – Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» (1605-1615) шығармасынан бастау алады. XVII ғасырдан шығатын

бұл жанр қазақ әдебиетіне В.Б. Зусева-Өзканның «Историческая поэтика метаромана» атты диссертациялық еңбегі арқылы таныла бастады. В.Б. Зусева метароман жанрын тек диссертациялық көлемде ғана емес, монографиялық тұрғыдан да жоғары ғылыми деңгейде зерттеген.

Мақалада автордың жоғарыда аталған диссертациясынан бөлек «Инвариантная структура и типология метаромана» атты монографиясы да пайдаланылды.

Сондай-ақ, белгілі орыс жазушысы, сыншы, ғалым М.Н. Липовецкийдің бірнеше зерттеу жұмыстары қарастырылды, оның ішінде «Русский постмодернизм: Очерки исторической поэтики» атты еңбегіне сілтеме жасалды.

Қазақ әдебиетінің өкілдері арасында Н. Қуантайұлының «Эксперимент жасалмай жаңа проза қалыптаспайды» атты мақаласына назар аудардық. Бұл мақала Әлібек Байболдың «Мұтылған» романының алғысөзі ретінде берілген.

Метароман жазылмағанымен интермәтіндік шығармалар қазақ әдебиетінде бұрыннан бар екені белгілі. Мақала жазу барысында сондай зерттеулердің бірі А.Қ. Зиноллаева мен М.Р. Балтымованың «Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы интермәтіндік көріністер» тақырыбындағы мақаласына шолу жасадық. Сонымен қатар Л. Мұсалының «Ә. Байболдың «Мұтылған» романы жөнінде» атты мақаласы мен Р. Сұлтанғалиеваның Әдебиет порталындағы «Күлтөбедегі» кезекті әдеби талқы: жаңа роман» шығарылымын қолдандық.

Нәтижелер мен талқылау

Талқылауды «Метароман дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беруден бастасақ. Метароман – көркем әдебиеттің ерекше жанры, онда романның құрылымы, мазмұны немесе жазылу үдерісі туралы пікірталастар мен рефлексиялар жүргізіледі. Яғни, метароман мәтіннің өзін, оның құрылымын немесе жазушының шығармашылық әдісін зерттейді. Бұл жанр оқырман мен автор арасындағы байланысты, мәтіннің мағынасы мен интерпретациясын ой елегінен өткізуге, сондай-ақ оқырмандарды шығарманың ішкі құпиялары мен әдебиет туралы танымдарын тереңірек түсінуге шақырады. Сонымен қатар, метароманның басты ерекшеліктерінің бірі – романның ішінде роман немесе шығарма кейіпкерлерінің жазу үдерісі туралы әңгіме.

«Мета» термині «тысқары» немесе «үстінде» деген мағынаға ие. Метатанымның формалары әртүрлі, мысалы, адамның өз ойлауы туралы толғанысы (рефлексия), мәселені шешуде арнайы стратегияларды қалай және қашан қолдану керектігін түсіну. Метароман да осы термин айналасынан алыс кетпейді. Бірқатар зерттеушілердің метароман туралы анықтамаларына тоқталсақ:

Белгілі жазушы Нұржан Қуантайұлы метапрозаның бірнеше белгілерін атап, негізгі түрлеріне: көркем шығарма жазатын немесе оқитын адам туралы роман, автордың өзі кейіпкер болатын прототип роман, автор әңгімелеу процесін сипаттайтын, шартты кейіпкермен қарым-қатынасын нақты тұлға ретінде көрсететін роман, мәтіндегі мәтін, пародия мен метафораны да метапрозаның бір сипаты ретінде қарастырады (Қуантайұлы, 2024: 232). Себебі, кейіпкер бейнесі, оқиғалар, сюжеттік иірімдер, романның жалпы сюжеті метафораға айналады.

Алаштанушы Жанболат Абайхан: «Метароман – бұл романдағы роман немесе оның жасалуы мен оқырманға әсер етуін ашатын шығарма» деп анықтайды.

Метароман тарихын зерттеуші орыс әдебиеттанушысы В.Б. Зусева-Өзкан метароманды екі қырлы көркемдік құрылым ретінде сипаттап, мұнда оқырман үшін шығарма тек «кейіпкер романы» емес, өзінің кейіпкерлерінің тарихы туралы да, сондай-ақ олармен бірге романды жасау процесі туралы да баяндалады деп атап өтеді (Зусева, 2014: 100).

Басқа зерттеулерінде ғалым: «метароман – бойында романның барлық белгілері бар, бірақ сонымен бірге қос құрылымды, қос қырлы» болып табылады деп қорытындылайды (Зусева, 2007: 35).

Орыс әдебиеттанушысы және постмодернист Марк Липовецкий метапрозаның бірнеше зерттеулерін қорытындылап, төмендегідей тұжырымдар жасайды:

1. Шығармашылық процесінің тематикасы;

2. «Вненаходимого» автор-творца жоғары дәрежеде репрезентациялануы, ол кейіпкер-писатель образында өз тексттік егізін табады, жиі жағдайда осы туындының авторы болып табылады;

3. Повествованиедағы зеркальность, бұл кейіпкер-писатель мен автор-творца, «текст в тексте» және «рамочный текст» арасындағы

байланыстарды үздіксіз салыстыруға мүмкіндік береді;

4. «Обнажение приема», бұл текст арқылы жасалатын әлемнің тұтастығынан процесс құрылымы мен реконструкциясына акцентті көшіреді;

5. Миметикалық мотивировкалардың әлсіреуі нәтижесінде пайда болатын кеңістіктік-уақыттық еркіндік (Липовецкий, 2007: 35).

(Метаромандардың басқа тілге аударылуы қиындық туғызғаны сияқты, олардың анықтама-сын дәл аудару да қиын. Сондықтан, түпнұсқада қалдырудың дұрыстығына көз жеткіздік.)

Метароманның тарихы осы жанрдың дамуын болжаған алғашқы әдеби шығармалардан бастап, оның негізгі белгілері мен әдістерін анықтаған қазіргі заманғы мысалдарға дейінгі бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады. Зерттеушілердің пікірінде әлем әдебиетінің тарихындағы тұңғыш метароман – Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» (1605-1615) романы. Сервантес көп деңгейлі баяндауды қолданды және роман жазу үдерісіне түсініктеме береді, сонымен қатар мәтін арқылы оқырманмен қарым-қатынас жасайды. Одан кейінгі метароман жанрында жарық көрген «Тристрам Шанди» (1759-1767), авторы Лоренс Стерн. Бұл жұмыста автор метабаяндауды белсенді қолданады, оқырманға тікелей жүгінеді, мәтіннің жазу процесі мен құрылымын, сонымен қатар әртүрлі типографиялық эксперименттерді талқылайды.

Одан кейін 19 ғасырда жалғасын тапқан метароман үлгісі Шерлок Холмстың (1887 жылдан бастап) «Артур Конан Дойлдың шытырман оқиғалары» болып есептеледі. Бұл толық мағынада метароман болмаса да, Дойл кейде Шерлок Холмс доктор Уотсон жазған өзінің шытырман оқиғалары туралы алдыңғы әңгімелерді талқылау сияқты Мета-баяндау элементтерін пайдаланады. Осы ғасырда жазылған келесі шығарма Николай Гогольдің «Божественная комедия» (1827) туындысы. Гоголь өз шығармаларындағы Мета-баяндау элементтерін қоса, формасы мен мазмұнымен белсенді тәжірибе жасады.

20 ғасыр метароманистеріне Итало Кальвино мен Джеймс Джойсты жатқызуымызға болады. Кальвиноның «Егер қыстың бір түнінде саяхатшы болсам» (1979) шығармасы 20 ғасырдағы метароманның ең танымал мысалдарының бірі. Кальвино көп деңгейлі әңгіме жазады, онда

оқырман кейіпкерге айналады және мәтін үнемі өзі туралы рефлексия жасайды. «Пенелопа» (1922) шығармасында Джеймс Джойс «Улисс» романының соңғы монологында мәтіннің сана ағымы мен өзін-өзі тануын пайдаланады, бұл да мета-баяндаудың мысалы болып табылады.

Қазіргі мысалдарға тоқталсақ, яғни 21 ғасыр метаромандарына Марк З. Данилевскийдің «Жапырақ үйі» (2000) мен Джонатан Фоердің «Сноуден мұрағатын» (2014) жатқызуымызға болады. Марк З. Данилевскийдің «Жапырақ үйі» романы мәтінге және оның оқырман қабылдауына түсініктеме беретін көптеген баяндау қабаттары мен мета-баяндау элементтері бар күрделі құрылым. «Сноуден мұрағатында» да автор мәтінді құру үдерісі мен автордың оқырманмен қарым-қатынасы туралы түсініктеме бере отырып, мета-баяндауды белсенді қолданады.

Метароманда баяндаудың пәні, жоғарыда айтылғандай, романның жазылу тарихы болады. Метароманның классикалық үлгісі болып табылатын В. Набоковтың «Дар» романының төртінші тарауында бас кейіпкер оқиға желісінен тыс Н.Чернышевскийдің биографиясын жазып кетеді. Осылайша «кітап ішіндегі кітап» басталып кетеді, автор бұл тарауда өзінің де Чернышевскийге деген теріс көзқарасын танытады. Осындай бірді айтып бірге кететін баяндау тәсілі «Мұтылған» романына да тән және ол автордың өз қоғамының келеңсіздіктеріне деген жанайқайындай ащы да жүйесіз көрінгенімен, шынайы шыққан (Байбол, 2024). Шығармадан «ояну» мотивін анық көруімізге де болады.

Көріп тұрғанымыздай, 17 ғасырда «Дон Кихоттан» басталған бұл жанр көркем әдебиет пен шындық арасындағы шекараны бұлдыратып, мәтінде мета-әңгімелеу және өзін-өзі тану әдістерін белсенді қолданады және бүгінгі күнге дейін дамуын жалғастырады.

Метароманның тарихына тоқталып, метароман туралы анықтамаларды топтастыра келе, метароман – роман жазатын адам туралы роман, романды оқитын адам туралы роман, кітаптың элементтеріне тақырып, абзац немесе сюжет ретінде сілтеме жасайтын оқиға, оқырманның реакциясын күтіп, оны шығарманың кейіпкеріне айналдыратын оқиға, олар фантастика деп қорқатын батырлар туралы шығарма, әдеби шығармаларды аралайтын кейіпкерлер, мәтіндегі мәтін, яғни прозада бұрын жазылған тараулардың мәтінін қолдану, нарративтік тәсіл, өмірдің ащы шындығын көрсету үшін пародия, иронияға жүгіну екендігін білдік.

Енді осы «қалыпқа» тұңғыш қазақ метароманы деп баға беріп отырған, Әлібек Байболдың «Мұтылғанын» салып көрейік.

Метароман болу үшін «мәтін ішіндегі мәтін» туралы рефлексия болуы шарт. Осы рефлексия талқылаудың бір бөлігі болып табылатын шығармада талқылау туралы ой болуы керек. Біріншіден, роман бір автордың атынан жазылуы мүмкін және ол романның кейіпкері болып табылады. Екіншіден, роман жасау басты кейіпкерге жатқызылуы мүмкін, бірақ бұл факт оқырманнан ұзақ уақыт бойы жасырын болып қалады (әдетте – шығарманың соңғы жолдарына дейін). Үшіншіден, шығарманың авторын тағы да басты кейіпкерге жатқызуға болады, бірақ ол оқиға барысында автор 1-ші жақтан да тұлға туралы әңгімелейді, өзі туралы «Мен» дейді. Яғни «Мұтылған» романында оқиға Каспи банк менеджері Мұрат туралы басталады. Автор әдеттегі шығарма талаптарына сай үшінші жақтан баяндап бастайды. Бірақ Мұрат Мұтылғанға айналғаннан кейін оқиға сан түрлі жаққа өзгеріп кетеді. Сонда екінші оқиғаны кім баяндайдыны, ал мәтіннің ішінде автордың қайта шығуы, автор ретінде мен бірнәрсе айта кетейін деп оқиғаны бірінші жақтан баяндап кетуі, ең басындағы Мұраттың жай-күйінің қайта суреттелуі оқырманға шынымен де бір оқиғадан түсініксіз, тіпті оқып болғаннан кейін де жұмбақ болып қалуы мүмкін. Ал ол «мәтін ішіндегі мәтін» Мұраттың жұмыс арасында сыртқа шығып шылым шеккен уақытында, «шылым ұшындағы күл опырыла сынып, жерге құлап бара жатқан» қас-қағым сәтте Мұраттық ойына келген оқиғаның баяндалуы болып табылады. Оған романдағы «*Мұрат өмірде үлкенді-кішілі ерліктер жасағысы келеді, дегенмен күнделікті тұрмыс-тіршілік ырық берер емес. Ол – іс-әрекеттен гөрі, ойдың, қиялдың адамы...*» деген жолдарды дәлел етуге болады. Одан бөлек «Мұтылған» романы автобиографиялық сипатқа ие. Ол оқиға барысында балалық шағына, өскен ортасына, достарына, мектеп жасындағы уақытқа оралып отырады. Қандай оқиғаны баяндамаса да, Мұтылған өз жеке өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, шығарма мазмұнын қызықты ету үшін күлкілі немесе трагедиялық сипаттағы мысалдарын келтіріп отырады.

Автор мен кейіпкер бір-біріне және екі әлемнің шекарасына, яғни кейіпкерлер әлемі мен шығармашылық әлемінің арасында болады. Бұл қатынастар ең алдымен екі дәрежемен анықталады, екі субъектінің де осы мәтінді құруға, романды басқаратын шығармашылық элемент-

ке қатысуы. Автордың пайда болуы мәтінде әр түрлі жолмен жасалады. Кейде автор романның кейіпкерлерінің бірі болып шығады, кейде автор кейіпкерлер әлеміне және сюжетке жатпайтын, өзіндік «дауысқа» ие, автор ретінде мен айта кетсем деп өз пікірін білдіріп отырады. Ақырында, автордың бейнесін толығымен өз тарихын баяндайтын кейіпкер алмастырып, өз романының авторы да, кейіпкері де бола отырып, оның жазылуына рефлексия жасайды. Осы жерде автордың нарративтік шеберлігі анық көрініс береді.

Жоғарыда берілген анықтамаларды топтастыра келе метароман кітаптың элементтеріне тақырып, абзац немесе сюжет ретінде сілтеме жасайтын оқиға дедік, яғни романда интермәтіннің болуы тиіс. Интермәтін – бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндердің кірігуі, мәтіннің диалогтық өзара әрекеттесуі. Автор интермәтіндерді қолданудың да өзіндік формалары мен талаптары барын ескергенін атап өтуге болады. Интермәтін, интертекстуалдылық туралы тұжырымдардың астарында әрбір елдің салт-дәстүрі, табиғаты, колориті, мәселелері жатады десек (Зиноллаева, 2020: 47), «Мұтылған» романында қолданылған интермәтіндер де қазақ әдебиетінің төл туындысынан келтіріледі.

Мысалы, мәтін ішінен қазақтың көрнекті жазушылары Әбіш Кекілбайұлы мен Нұржан Қуантайұлының шығармаларынан үзінділер оқи аласыз. *«Көзіне қан толған ашулы бүркіт қапелімде селт ете қалғандай болды. Көсей төсеп келе жатқан көгіс тырнағын жалма-жан тартып өкеткендей болды. Қанатын далбаң-далбаң қағып қаша жөнелгендей болды. Біраз жерге дейін лақтырған кесектей зымырап барып қайта самғады. Әлі де болса мұның мағайынан кете алмай, шыр айналып шүйіп жүр. Бірақ бұрынгыдай «Бұл неткенің?» дегендей көзі қанталап, көрлене шүйімейді. Айдалада бүйірін соғып, тілі салақтап, өкпесі өшіп, шоқыып отырған бұны мүсіркеп, қиып кете алмай жүргендей айналып ұшады...»* (Кекілбаев, 1984: 168).

«Есін жинағанда өне бойы сырқырап ауырып жатыр екен. Екі солдат екі аяғының басынан ұстап алып, қара жермен дырылдатып, сүйреп келеді. Ай-шайға қаратқан жоқ, бас-аяғын сілке ұстай көтеріп, үстіне брезент жабылған жүк машинасына қап лақтырғандай тастай салды. Көк ала қойдай қылып әбден тепкілесе керек, белі шым ете қалып, еріксіз ыңырсыған. Бортта кейбіреуінің қолы байлаулы, кейбірі шалажансар гана, қан-жоса болып өзі сияқты жас жігіттер жатыр. Қыздар да бар сияқты.

Кеспелтек таяқ ұстаған бірнеше солдат баса шығып, үстеріне отырған». (Қуантайұлы, 2015: 171).

Метароманның кейіпкерлері постмодернизм зерттеушілерінің айтуынша, әдеби шығармаларды аралайтын тұлғалар болып табылады. Талдап отырған романның кейіпкері қазақ әдебиеті туындыларын терең түсініп, кеңінен қарастыратыны байқалады. Бұған қоса, шығармадан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұтылғанның өмірі» толғауы, «Тура жолда қайғы жоқ», «Өлімнің хақ екенін көрсен де» өлеңдерінен үзінділер, Фариза Оңғарсынованың «Сағыныш», Мұқағали Мақатаевтың «Бабаларым, рақмет, сендерге», Жүмеке Нәжімеденовтің «Поезда» және «Ақын қылып жаратарда» сияқты шығармалар кездеседі.

Сонымен қатар, Қуанышбек Өмірбектің «Айжарығынан», Айнұр Төлеудің «Тамшылар жұтады уақыттың уытын» өлеңінен, Тілек Ырысбектің «Момидзи», Қуанышбек Өмірбектің «Мен сені сүйемін, Отаным», Бақыт Беделханның «Ауылдан Алматыға кеше келген» өлеңі, Жұматай Жақыпбаевтың «Ләйлә», Әділ Ботпанның «Менің миым – мәңгі өлеңнің моласы», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», Абай Құнанбайұлының «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Тотықұс түсті көбелек», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», «Күлімбайға», «Сегіз аяқ» туындылары, Есенғали Раушановтың «Бөгелмей өтіп жаз кетті», Қожа Ахмет Яссауидің «19-хикмет. Ғашық дерті», Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Сені сүю», Тұрысбек Сәукетайдың «Айқараңғысы», Бұқар жыраудың «Тілегенінен», Шалақынның жырынан, Махамбет бабаның өлеңдерінен үзінділерді оқуға болады.

Бір ұнағаны Әлібек Байбол романда барлық сілтемелердің авторын беріп отырғандығы. Реалды уақыт пен кеңістікте жүзеге асқан мәтін-наралық әрекеттер метапроза әдісі арқылы шығарманың көркемдік әлеміне енгізілген.

Бұл үзінділерден бөлек, Әлібек Байболдың романында ислам философиясын да мәтінге кіріктіре пайдалана білген. Сөзімізге Құран-Кәрімнен берілген – «Мағариж», «Аграф», «Духан» сүрелері дәлел бола алады.

Әлібек Байбол шығармасының метароман болуының тағы бір ерекше белгісі – кейбір қайталанатын символдық бейнелер. Мысалы 7 саны мәтін бойынша жиі қайталаанады: *«Алайда 7 мыңнан аса тұрғыны бар ауылда..., 7-і де әр айдың 7-і күні қайтыс болған. Бас-аяғы 77 адам.*

Мұтылған солардың ішінен ең күдікті деген 7-ін таңдап алды. Нағашы атамның 7-сін тараттық. Мен ішке еніп, 7-ші нөмірлі талон алдым. Сағат түскі бірден 7 минут асқан еді. Кешкі сағат жетілер шамасында, нағызда 19:07-де т.б.» Жеті саны роман бойына 25 рет қолданылады. Автор оны тіпті мәтін астындағы түсіндірмеге шығарып: «Құпияға толы 7 саны исламда қасиетті боп саналады», – дейді (Байбол, 2024: 52).

Метаромандардың пайда болуы мен дамуына мәдени және әлеуметтік факторлар үлкен әсер етеді. Бұл факторлар шығармалардың құрылымына, мазмұнына, тақырыбына және авторлардың пайдаланатын әдістеріне ықпал етеді. Осыны бірнеше аспектілер бойынша қарастыру керек:

Бірінші тарихи контекст ретінде әлеуметтік өзгерістер мен дағдарыстар кезеңдері маңызды. Мұндай кезеңдерде жазушылар көбіне қолданыстағы нормалар мен құрылымдарды зерттеп, қайта қарауға тырысады. Мысалы, «Мұтылған» романында Кеңес Одағының боданынан босап, тәуелсіздік алған Қазақстанның жаңа уақытқа көшу кезеңіндегі оқиғалар көрініс табады. Автор-кейіпкердің метабаяндау элементтері осы жағдайларды көрсетеді.

Төңкеріс немесе революция кезеңдері, білім мен танымдағы сапалы өзгерістер метаромандардың пайда болуына себепкер болады, өйткені авторлар өз заманының хаосы мен белгісіздігін түсінуге тырысады. Әлібек Байболдың романы да Қазақстандағы әлеуметтік толқулар аясында жазылған. Ол қазақ қоғамындағы түрлі өзгерістер мен дүрбелеңдерді астарлап жеткізеді, ащы шындықты көркем шындықтың пердесімен жасырады.

Мәселен, автор қазақ тілінің жағдайы туралы – латын және кирилл жазуы, әліпбилердің тарихы, көне түркі, сына жазуы сияқты мысалдарды келтіреді. Бірақ Т ауылына қатысты бұл мәселелерді жылы жауып кететіні байқалады. Мешіт алдында Мұтылғанды сақалдылармен кеткен ұлына ұқсату; соттың көмектеспейтіні, бәрін «звонок» шешетіні; інісінің Америкаға кетуге ұмтылуы; досы Әзімнің әкесінің казиноға баруы; Әзімнің қарындасы Қарашаштың алаяққа кредит беруі; Ескендірдің жаман ортаға түсіп, қарақшы болуы; көршісі Дарханның әйелінің үш жерде жұмыс істейтіні; үй алу үшін Т ауылында 30 жыл бойы жүру керектігі; жала жабу үшін «бір лох қажет болды ғой» деген сынды фрагменттер қазіргі қоғамның жарала-

рын ашып көрсетеді. Бұл жағдайлар мен оқиғалардан бүгінгі қоғамның шындығын байқауымызға болады.

Екінші мәдени факторлар, әдеби қозғалыстар мен ағымдар: Модернизм, постмодернизм және неореализм сияқты әртүрлі әдеби қозғалыстар метароманның қазақ әдебиетіне де келуіне ықпал етті дей аламыз. Бұл қозғалыстар формасы мен мазмұны бойынша эксперименттерді қажет етті.

Үшінші әдебиет теориясының дамуы: Әдеби сын мен теорияның дамуы метаромандардың пайда болуына түрткі болды. Мысалы, структурализм және постструктурализм идеялары авторларды метаромандар үшін негіз болған мәтін тілі мен құрылымымен тәжірибе жасауға итермеледі.

Төртінші технологиялық және медиа өзгерістер, баспа ісі мен медианың дамуы: Баспа ісінің, содан кейін электронды медианың пайда болуы мен дамуы әдебиетті қабылдау мен тарату тәсілдерін өзгертті. Бұл мәтінді баяндау мен өзін-өзі танудың жаңа формаларының пайда болуына ықпал етті. Оның ішінде кино мен теледидардың әсері: Фильмдер мен теледидарлар өздерінің баяндау техникасымен және монтаждық құрылымымен әдеби әдістерге, соның ішінде мета-әңгімелеуге әсер етті.

Жазушы өз романында метароман жанрының техникаларын шебер қолданып, қоғам шындығын, адам тағдырын керемет сипаттаған. Жазушы өмір шындығының ұсақ түйектерін, жоғарыда атап көрсеткендей өзіне тән ерекшелігімен сипаттап, өз романында фрагменттілік құбылысын көркем көрсете білген. Сонымен қатар автор өмірдің ащы шындығы мен қоғамның әлсіз тұстарын сипаттауда иронияға жүгініп отырады. Жазушы қазақ өмірінің бүгінгі келбетін жақсы тани алғандықтан, қоғамның моральдық кейпін көркем бояу мен типтеу, символдау арқылы толық аша алған. Қара әзілімен қоса, гротеск және сарказм сияқты әдеби құралдарды пайдаланған. Мысалы: *Ватсаптағы қисынсыз таратылатын смстер; жолда амандасқан шалға «Кемпіріңіз тіріліп келіп дауыс беріп кетті» дейтіні; гимн айту, ән айту – сайлауды науқанға айнадыру; «фейк ақпарат»; «Шенеуніктің әлдебіреу жазып берген баяндамасын оқуы»; «мотиваторға 60 мың, коучке 80 мың, психологке 50 мың»; «жыртық джинсы киген ата»; «оңай картасын тексеруге кірген қызметкер», «Сергек» бәрін көрсетіп тұр; «Өй, сенімен қайтіп енді әңгімелесем» т.б.* фрагменттерден қазіргі қазақ

қоғамындағы ащы шындық пен зілді әзілді көре аламыз.

Енді кейіпкерлерге тоқталсақ. Бар айта алатынымыз: Мұрат – каспи банк менеджері, қарыз-құрыздан, несиеден сау емес, тұрмысы нашар, 5 баласы (3 қыз, 2 ұл) бар және Мұтылған – бойдақ, 40 жаста, 1 әпке, 1 інісі бар, ішімдікке, темекіге жоқ, спортпен дос. Романда басқа кейіпкерлерге нақты сипаттама берілмейді, оны оқырманның өзіне қалдырады, ол жағымды ма, жағымсыз кейіпкер ме, оған өзі көз жеткізуді де оқырманға қалдырады. Романда автордың түпкі ойы айқын көрінбейді, авторлық позициясы да жасырын, біреуді жақтап, біреуді ақтамайды. Бұл жерден автордың негізгі мақсаты оқырманға бәрін дайын күйінде жайып тастамай, оқырманды ойландыруды мақсат тұтқаны айқын көрінеді. Романдағы тағы бір жаңалық, Мұрат мен Мұтылғаннан басқа айтылатын қосымша кейіпкерлердің есімдері қазаққа тіпті әлемге белгілі тұлғалардың есімдерінен алынғандығы. Мысалы: *Күлтегін, Алпамыс, Ертөстік, Желаяқ, Ақтоқты, Көлтаусар, Ақжүніс, Қарлыға, Шойынқұлақ, Томирис, Алихан Бөкейхан, Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек, Мұстафа, Райымжан, Барлыбек, Жаһанша, Шұға, Әзім, Қарашаш, Ескендір, Қобыланды, Кендебай, Зейнеп, Айсұлу, Рабига, Қазтуған, Едіге, Бауыржан Момышұлы, Абылай хан, Бәйдібек, Аристотель, Ескендір, Кенесары, Қаңбақ шал, Бибігүл, Роза, Асанқайғы, Бейбарыс сұлтан, Бабыр т.б.*

«Кейіпкерлерге қатысты тағы бір көзге түсетін стильдік ерекшелік – олардың есімдерінің өз қасиеттерін ашып, «сөйлеп тұруы». «Сөйлеп тұрған есім» («говорящие имена») – көркем әдебиетте бұрыннан бар стильдік тәсіл, адамның аты-жөні оны тікелей немесе жанама түрде сипаттайды немесе оның моральдық-этикалық қасиеттерін көрсетеді. «Мұтылған» романында бұл көркемдік тәсіл ұтымды қолданылады (Мұсалы, 2024: 4). Романдағы Т ауылының тұрғындары арасында Қашырбек, Есек, Есектің Ит деген бажасы, Доңызбай, Құзғын, Қарғагүл, «Қарынбай деген көмекшім», «Шығайбай деген шәкіртім», «Жантық деген жас жігіт» т.б. кейіпкерлер бар. Бұндай есімдер сол кейіпкердің бетбейнесін, мінез-дағдысын ашып тұр. Мәселен, «*Доңызбай-Доқа.. Оның бір гана міні бар. Бір гана. Елеусіздеу. Кекііл және таз. Ұрсықанда түрі доңыздан айнымайды тура. Қорсылдап, айналасын тарсылдатып, халықтың берекесін алады*» немесе «*оны тамыр-танысы Қарғагүл деп бекер атамаған. Көрінген жерге тұмсығын*

сұғады. Негізі, ныспысы Қарлығаи еді гой».

Бір қуанарлығы, Ер Төстіктің өзі мен Алпамыс батыр ел тыныштығын қорғаған капитан, қазіргі заманның полицейлері кейпінде беріледі. Бұл туралы автор өзі бір сұқбатында: «...Жоғалған ұрпақтың «мен кіммін?» деген сұрағы туындап тұрған заманда, ертегілердегі Кендебайлар, Ертөстіктер кезінде өздерінің рөлін атқарды. Мифологиялық образдарымызды ұмытып бара жатырмыз, сол мифологиялық образдардың артында үлкен ерліктер, үлкен істер, үлкен концептілер жатыр. Атымтай Жомарттың қарапайымдылығы, Жиреншенің шешендігі, Қарашаш анамыздың көрегендігі деген сияқты. Сол образдарды қазіргі қоғамның призмасымен алған кезде «осындай адамдар бар ма?» деген сұрақ қоямыз. Сондықтан да кейіпкерлерді осы тұрғыдан алдым», – дейді (Байбол, 2024). Романдағы ертегі-жырлардан, мифологиялық шығармалардан, тіпті өмірде болған тұлғалардың заманауи трансформацияға ұшырағандығы, ұлттық құндылықтарымыздың құлдырауын осылайша бейнелегені, біздіңше, ұтымды, әсерлі шыққан.

Автор кейіпкерлері қазіргі заманның, осы қоғамның адамдары, бүгінгі шын өмірде жүргендер. Қазіргі жастардың клиптік санаға қарай ойыса бастаған шағында автордың ұтатын тұсы осында, оның тапқырлығы мен шеберлігі қазіргі қазақ қоғамының келбетін барынша кең қамтып, бір кейіпкер төңірегіне жинақтай білуінде.

Метапрозада жүйесіздік басым болады, бірақ ол автор саналы түрде жүзеге асырып отыратын идеялар мен оқиғалардың ауысу, туындау үдерістері. «Мұтылған» романын да оқып отырғанда бірді айтып бірге кететін сияқты көрінеді. Бірақ ол бір кейіпкер-баяндаушы төңірегінде қоғамда болып жатқан қаншама әлеуметтік мәселелер мен, боямасыз өмірді баяндайды. Оны жүйесіз берілген деп отырған әр тараудың басындағы Мұтылғанды суреттеуінен байқауымызға болады: *Ол (Мұтылған) сөзге де іске де жүйрік, бұған қоса, аса парасатты. Мұтылған – сөзге ұста, әр нәрсенің қадір қасиетін бір кісідей түсінетін азамат. Мұтылған ішімдік пен темекіге жоқ адам. Спортпен дос. Мұтылғанның жүрген жері – у-шу, ду-думан, концерт-той. Мұтылған тұрмысқа жұтылып кетпес үшін кітап оқиды, классикалық музыка, күй тыңдайды, өзіне-өзі есеп береді, жанын қуаттандырып тұрады. Мұтылғанды көп кісі делқұлы деп атайды. Мұтылған бір емес, екі дипломды қалтасына басып алып іске жарата алмаған, үйлі-баранды болуға жауапкершілік алмаған (балам мендей бол-*

масын деп аяғы ауыр Ажарды тастап кетуі), не қоғамды, не бір адамды өзгертуге, үйретуге қауқары жетпей бір бандиттердің қолынан қаза болған Мұтылған жеңілген кейіпкер. Бір қарағанда автор Мұтылғанға сонша жүк артып қойғандай көрінеді. Бірақ бұл Мұраттың сана ағымында өтіп жатқан қазіргі өмір кейіпкерлері сияқты көрінеді. Дәл осы ойымызды белгілі әдебиеттанушы Ләйлә Мұсалы құптағандай, мынадай пікір білдіреді: «Алғаш оқығанда, «Мұтылған» автор бірді айтып бірге кететін тәрізді, сана ағымына ілесе алмай, шатасып қалатындаймыз, бірақ соңғы бетін жапқанда, бұл, расында да біздің сапырылысқан өміріміз, қазіргі рухани деградациядан шығатын жол таппай қиналған мыңдаған Мұрат-Мұтылғандардың ойындағы сана ағымы екенін, әзірге күрес ойымызда ғана жүріп жатқанын түйсінесің... Сондықтан, шын мәнінде, роман фабуласын жүйесіз деп емес, көп арналы деп қабылдап, тағы бір үңілу керек шығар...»

Жалпы жарық көргеніне үш-ақ ай болған қазақтың алғашқы метароманы туралы сыни мақалалар мен пікір-талдауларға тоқталсақ. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Рита Сұлтанғалиева: «Интеллектуалды оқырманын күтетін шығарма» деп бағалаған екен. Сөзінің жаны бар, себебі шын мәнінде «кейбір реминисценциялар мен аллюзиядарды түсінуге оқырманға биік өре, жоғары интеллект керек. Әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, тарих, спорт сынды барлық саладан оқырманын танымдық ақпараттармен де толықтырып, оқып отырып ізденуге, оқып отырып зерттеуге интермелейді» (Сұлтанғалиева, 2024).

Әдебиеттанушы Ғазиза Отарбаева «Мұтылған» шығармасын интермәтінділікті интеллектуалды деңгейде шебер қолданылған туынды ретінде бағаласа, алаштанушы Жанболат Абайхан «Жалпы шығарма – эксперимент, мета жанрға бейімделген, жаңашыл неороман» деп сипаттайды. Ол жазушының философиялық ой тартыстары арқылы қоғамның дерттері мен қасіретін, сондай-ақ екіжүзділігін терең бейнелегенін атап өткен. Әлібек Байболдың ізденімпаз, интеллектуал, энциклопедиялық білім иесі екендігіне осы туынды арқылы тағы да көз жеткіземіз. Себебі, туындыдағы сюжеттерді құрастыру, кейіпкерлердің алуандылығын көрсету, шығыс және батыс мифтерін, қала культі мен діни тақырыптарды бір жүйеге келтіру оңай жұмыс емес.

Алаштанушы Елдос Тоқтарбай «Мұтылған» шығармасын метапроза, метароман ретінде сипаттай отырып, бұл туындының кәдімгі сюжет пен композицияға бағынбайтын, идеясы жағынан тың екенін атап өтті. Бұл қазақ әдебиетіне қосылған маңызды, құнды шығарма, өйткені негізгі кейіпкерлер – Мұтылған мен каспи банк менеджері Мұрат, сондай-ақ бұл хамсаны баяндап отырған автор, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін қозғап отыр. «Т» ауылында қордаланған және шешілмеген көптеген проблемалар бар. Әлібек Байбол осындай ерекше прозаны жасап, интеллектуалды прозаның жаңа кезеңін бастап отыр. Интеллектуалдық прозада біз әдебиет, мәдениет, өнер және спорттың әртүрлі аспектілерін көреміз. Шынында да, туындыда аталған салалардың қыр-сыры мен шешілмеген мәселелерін байқауға болады.

Зерттеу барысында романның әдебиеттанушы-ғалымдарға ғана емес, жалпы оқырман қауымына қалай әсер еткендігі туралы сауалнама алған болатынбыз. Соның нәтижесіне көз жүгіртсек. Сауалнама төмендегідей 10 сұрақты қамтыды:

1. Сіздің мамандығыңыз?
2. «Жас қаламгер – жаңа роман» жобасы аясында шыққан 3 роман (Мақсат Мәліктің «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам», Әлібек Байболдың «Мұтылған» шығармалары) туралы естідіңіз бе ?
3. Әлібек Байболдың «Мұтылған» романын оқыдыңыз ба?
4. Сіз романдағы метабаяндау элементтеріне назар аудардыңыз ба?
5. Романды оқу барысында сізге не қиын немесе түсініксіз болып көрінді?
6. Романның сюжетін қалай бағалайсыз? Ол сіз үшін қызықты болды ма?
7. Сіз роман оқиғалары мен қазақ қоғамындағы нақты тарихи немесе мәдени оқиғалар арасындағы байланысты көре алдыңыз ба?
8. Әлібек Байболдың «Мұтылған» романы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш метароман деген пікірмен келісесіз бе?
9. Алғашқы қазақ метароманының қазақ әдебиетінің дамуына қалай әсер етуі мүмкін деп ойлайсыз?
10. Сіздің роман туралы бөліскіңіз келетін қосымша пікіріңіз немесе ойыңыз бар ма? Болса, жаза кетсеңіз.

1) Сауалнамаға барлығы 50 оқырман қатысты. Оның ішінде әдебиеттанушылар (60%), педагогтер (20%), лингвисттер (5%), географтар (4%), жаратылыстану ғылымдар саласынан

(4%), экономистер (3%), математиктер (2%), басқа да салалардан (2%) болды.

2) «Жас қаламгер – жаңа роман» жобасы аясында шыққан 3 роман туралы сауалнамаға қатысушылар 100 % естіген екен.

3) Бірақ Әлібек Байболдың «Мұтылған» романын қатысушылардың барлығы дерлік оқымаған екен.


4) Сіз романдағы метабаяндау элементтеріне назар аудардыңыз ба? Деген сауалға оқыр-

мандардың 69,2 пайызы «ия» деп жауап берген. Мұны романды оқыған оқырмандар санына шаққанда, барлығы дерлік баяндау ерекшелігіне назар аударғандығын айқаймыз.

5) Романды оқу барысында сізге не қиын немесе түсініксіз болып көрінді? Болды деген сауалға әртүрлі жауаптар келіп түсті. Бір оқырманға сюжеті түсініксіз болса, екіншісі түсіну қиын болғандықтан романды 4 рет оқыдым деген жауап беріпті.



1-сызба – «Мұтылған» романының оқылу деңгейі\



2-сызба – Оқырмандардың «Мұтылған» романындағы метабаяндау элементтеріне назар аудару деңгейі


6) Романның сюжетін қалай бағалайсыз? Ол сіз үшін қызықты болды ма? деген сұраққа 100 пайыз оқырмандар өте қызықты роман, 10/10 деген баға береміз, тәуелсіз елдің ұрпақтарының романы деген сынды жауаптар түскен екен.

7) Сіз роман оқиғалары мен қазақ қоғамындағы нақты тарихи немесе мәдени оқиғалар арасындағы байланысты көре алдыңыз ба? деген сұрақта 99 пайыз оқырмандар қоғамындағы нақты тарихи немесе мәдени оқиғаларды көре алғандарын жазыпты.

8) Ең негізгі сұрақ Әлібек Байболдың «Мұтылған» романы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш метароман деген пікірмен келісесіз бе?

9) Алғашқы қазақ метароманының қазақ әдебиетінің дамуына қалай әсер етуі мүмкін деп ойлайсыз? деген сұраққа «оң әсер береді», «оқырманы көп болады», «прозаға жаңа леп берді», «қазақ әдебиетінің жаңа парағы ашылды», «ойым екіұшты» сынды жауаптар келіп түскен.

10) Сіздің роман туралы бөліскіңіз келетін қосымша пікіріңіз немесе ойыңыз бар ма? Болса, жаза кетсеңіз деген сауалға: «Роман маған ұнады! Әлі өз бағасын толық алады!», «Әріптестерімен шығарманы ұсынамын», «Шығарма өте қызықты», «Болашақтың романы» сынды пікірлермен қатар, авторға жолданған тілектермен аяқталыпты.



3-сызба – «Мұтылған» романының тұңғыш метароман ретіндегі бағалануы

Сауалнама нәтижелері Әлібек Байболдың «Мұтылған» шығармасы алғашқы қазақ метароманы екенін толық көрсететіндігін, оқырмандар арасында оң пікірлер мен жоғары бағаға ие болғанын анықтады. Роман қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес болып, метапрозаға деген қызығушылықты арттырып, қазіргі Қазақстанның мәдени және әлеуметтік шындықтарын түсінуді тереңдете түсті. Респонденттердің көпшілігі романды басқа оқырмандарға ұсынуға ниет білдірді және оның болашақ әдеби эксперименттер үшін маңыздылығын атап өтті.

Қорытынды

Әлібек Байболдың тұңғыш қазақ метароманы қазіргі қазақ әдебиетіндегі елеулі жетістік болып табылады, көркемдік көрініс пен әдеби эксперименттер үшін жаңа көкжиек ашты деуімізге болады. Авторлық түсініктемелер, мәтін құру үдерісі туралы ойлар және оқырманмен белсенді қарым-қатынас сияқты метабаяндау элементтерін енгізу дәстүрлі баяндау формаларын қайта қарастыруға ғана емес, сонымен қатар қазіргі Қазақстанның күрделі әлеуметтік және мәдени шындықтарын түсінуді тереңдетуге мүмкіндік береді.

«Мұтылған» романы – әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғам мен мәдениеттегі динамикалық өзгерістерді бейнелеген айна болды. «Ояну» мотивінің жаңа үлгісін

көрсетті. Ол оқырманға шындық пен қиял арасындағы шекараның тігісін жатқызып, мәтінді түсіндіру барысында ерекше тәжірибе (эксперимент) ұсынады. Әлібек Байболдың метароманы оқырманды әдебиеттің табиғаты мен оның қазіргі әлемдегі рөлі туралы ойлауға иермелеу арқылы өзін-өзі тану мен сыни ойлаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Осылайша, алғашқы қазақ метароманы әдеби шығармашылықтың жаңа стандарттарын белгілеп қана қоймай, жаңа авторларды батыл эксперименттер мен ізденістерге шабыттандыра отырып, ұлттық әдебиеттің дамуындағы маңызды кезеңге аяқ басты.

Қорытындылай келе, Әлібек Байболдың алғашқы қазақ метароманын қазақ әдебиетінің жаңа формалары мен идеялармен байытып қана қоймай, оның әлемдік әдеби процеске интеграциялануына ықпал ететін негізгі шығарма ретінде қарастыруға болады. Бұл роман қазақ әдебиетінің бірегей, ерекше және заманауи әдеби дәстүрін жасау жолындағы маңызды қадам болып табылады.

«Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру есебінен жүзеге асырылды (AP23490584 Түркі халықтары әдебиетіндегі «Ояну дәуірінің» жырлану ерекшелігі (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы)»

Әдебиеттер

- Metcalfе J., Shimamura A.P. Metacognition: knowing about knowing. – Cambridge: MIT Press, 1994. – 358 p.
- Schraw G. Promoting general metacognitive awareness // Instructional Science. – 1998. – № 26(1). – P. 113-125.
- Қуантайұлы Н. Эксперимент жасалмай жаңа проза қалыптаспайды. «Мұтылған» романының алғысөзінен. – Алматы: Alqa Publishing, 2024. – 232 б.
- Зусева-Озкан В.Б. Историческая поэтика метаромана. – Москва: Intrada, 2014. – 488 с.
- Зусева В. Б. Инвариантная структура и типология метаромана // Вестник РГГУ. Серия «Литература. Фольклористика». 2007. – № 7(7). – С. 35-44.
- Липовецкий М.Н. Русский постмодернизм: Очерки исторической поэтики. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. университет, 1997. – 317 с.
- Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
- Зиноллаева А.Қ., Балтымова М.Р. Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы интермәтіндік көріністер // Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. 2020. – №2(131). – Б. 47–52.
- Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.
- Қуантайұлы Н. Асыл сөз. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2015. – 336 б.
- Байбол Ә. Мұтылған. Метароман. – Алматы: Alqa Publishing, 2024. – 232 б.
- Мұсалы Л. (2024). Мұтылған санасындағы күрес [Электронды ресурс]. – URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12373> (Пайдаланылған күні: 12.09.2024)
- Байбол Ә. Мұтылған: Тұлға деп жүргеніміз кім? Әдебиет порталына берген сұқбаты. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=UJKO9eG35ME> (Пайдаланылған күні: 20.07.2024)
- Сұлтанғалиева Р. «Күлтөбедегі» кезекті әдеби талқы: жаңа роман. Әдебиет порталы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.adebiportal.kz/kz/news/view/kultobedegi-kezekti-adebi-talqy-zana-roman25456> (Пайдаланылған күні: 05.06.2024)

References

- Baibol, A. (2024). Mutyrgan. Metaroman [Mutyrgan. Metaroman]. Almaty. (in Kazakh)
- Baibol, A. (2024). “Mutyrgan” who are we to be a person? An interview with a literary portal. [Electronic Resource]. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=UJKO9eG35ME> (Date of use: 20.07.2024)
- Gabitov, T.H., Mutalipov, J.M., Kulsariev, A.T. Madeniettanu: jogargy oqu ornyndary men kolej studentterine arналган оқулық [Cultural Studies: a textbook for students of universities and colleges]. Almaty. (in Kazakh)
- Kekilbayev, A. Elen-alan [Elen-square]. Almaty. (in Kazakh)
- Kuantayevich, N. Eksperiment jasalmai jana proza qalyptaspaidy. “Mutyrgan” romanynyn algysozinen [A new prose is not formed without experimentation. From the preface to the novel “Mutyrgan”]. Almaty. (in Kazakh)
- Kuantayuly, N. (2015). Asyl Soz [The noble word]. Almaty. (in Kazakh)
- Lipovetsky, M.N. Ruski postmodernizm: Oчерki istoricheskoi poetiki [Russian postmodernism: essays on historical poetics]. Ekaterinburg. (in Russian)
- Metcalfе, J., Shimamura, A.P. (1994). Metacognition: knowing about knowing. Cambridge: MIT Press. (in English)
- Musalı, L. (2024). Struggle in the mind “Mutyrgan”. [Electronic Resource]. URL: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12373> (Date of use: 12.09.2024)
- Schraw, Gr. (1998). “Promoting general metacognitive awareness”. Instructional Science, 26(1), 113–125. (in English)
- Sultangaliev, R. (2024). Another literary challenge in “Kultobe”: a new novel. [Electronic Resource]. URL: https://www.adebiportal.kz/kz/news/view/kultobedegi-kezekti-adebi-talqy-zana-roman__25456 (Date of use: 05.06.2024)
- Zinollaeva, A.K., Baltymova, M.R. Muqagali Maqataev poeziasyndagy intermatındik korinister [Intertextual manifestations in the poetry of Mukagali Makatayev]. Filologia seriasy [Philology series], Vol. 2(131), P. 47-52. (in Kazakh)
- Zuseva, V.B. Invariantnaia struktura i tipologia metaromana [Invariant structure and typology of metaromana]. Seria “Literatura. Folkloristika” [Series “Literature. Folkloristics”, Vol. 7(7), P. 35-44. (in Russian)
- Zuseva-Ozkan, V.B. Istoricheskaia poetika metaromana [Historical poetics metaromana]. Moscow. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Саметова Жанақұл Шынгисхановна – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан. e-mail: zhanagul.sametova@gmail.com);

Найманбаев Алмас Әбдіманапұлы – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан. e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru).

Information about the authors:

Sametova Zhanakul Shyngiskhanovna – PhD, Abai Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanagul.sametova@gmail.com);

Naimanbayev Almas Abdimanapovich – PhD, Abai Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: almaz-88.80.17@mail.ru).

Келіп түсті: 31 шілде 2024 жыл.

Қабылданды: 27 қараша 2024 жыл.